

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери полиция органдарының гаупвахтасындағы ішкі тәртіптеме және онда күдіктілер мен айыпталушыларды ұстау тәртібі қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 20 шілдедегі № 366 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 23 тамызда № 15526 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2023 жылғы 12 сәуірдегі № 322 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Қорғаныс министрінің 12.04.2023 № 322 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Әскери полиция органдары туралы" 2005 жылғы 21 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 9-1-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери полиция органдарының гауптвахтасындағы ішкі тәртіптеме және онда күдіктілер мен айыпталушыларды ұстау тәртібі қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әскери полициясы бас басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықтың көшірмесін мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде қағаз және электрондық түрде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) бұйрықты алғашқы ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) мемлекеттік тіркелгеннен күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Заң департаментіне жолдауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің мынадай бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери полициясының күдіктілері мен айыпталушыларға арналған гауптвахталарының ішкі тәртіп қағидаларын бекіту туралы" 2012 жылғы 13 желтоқсандағы № 972 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8266 болып тіркелген, 2013 жылғы 23 ақпандағы № 6970 "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған);

2) "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери полициясының күдіктілері мен айыпталушыларға арналған гауптвахталарының ішкі тәртіп қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2012 жылғы 13 желтоқсандағы № 972 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2013 жылғы 13 маусымдағы № 291 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8557 болып тіркелген, 2013 жылғы 7 қыркүйектегі № 268 (27542) "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған).

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының бастығына жүктелсін.

5. Осы бұйрық лауазымды адамдарға, оларға қатысты бөлігінде жеткізілсін.

6. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрі
генерал-полковник*

С. Жасұзақов

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2017 жылғы 20 шілдедегі
№ 366 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери полиция органдарының гауптвахтасындағы ішкі тәртіптеме және онда күдіктілер мен айыпталушыларды ұстау тәртібі қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери полиция органдарының гауптвахтасындағы ішкі тәртіптеме және онда күдіктілер мен айыпталушыларды ұстау тәртібі қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери полиция органдарының гауптвахталарындағы (бұдан әрі – гауптвахталар) ішкі тәртіптеме және оларда күдіктілер мен айыпталушыларды (бұдан әрі – қамауға алынған әскери қызметшілер) ұстау тәртібін айқындайды.

2. Гауптвахтадағы ішкі тәртіптемені осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әскери полиция органының бастығы бекітеді.

3. Сотталғандар Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11844 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2015 жылғы 18 маусымдағы № 353 бұйрығымен бекітілген Бейбіт уақытқа арналған Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін азық-түлікпен, азықпен, жабдықпен, асханалық-асүйлік ыдыспен және азық-түлік қызметінің техникасымен жабдықтау нормаларына сәйкес тамақтанумен қамтамасыз етіледі.

Оларды тамақтануға тіркеу азық-түлік аттестаттары бойынша жүргізіледі.

Азық-түлік аттестаттары жоқ сотталғандар әскери полиция органы бастығының (әскери бөлім командирінің) бұйрығынан үзінді көшірмелер негізінде жабдықтылымға тіркеледі.

Егер гауптвахта жанында тағам дайындалмаса, онда гауптвахтаға оны жеткізу тәртібін гарнизон бастығы белгілейді.

Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілер камераларда ас ішеді.

4. Сотталғандар, өзге де негіздер бойынша гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілер мен әскери полиция органдарының әскери қызметшілері арасындағы қарым-қатынастар Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 5 шілдедегі № 364 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпыәскери жарғыларымен (бұдан әрі – Жалпыәскери жарғылар) айқындалады.

5. Әскери полиция органдарының әскери қызметшілері күшті, арнайы құралдарды, оның ішінде қызметтік иттерді және қаруды Жалпыәскери жарғыларға және "Әскери полиция органдары туралы" 2005 жылғы 21 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 11 және 12-баптарына сәйкес қолданады.

2-тарау. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілерді қабылдау және камералар бойынша орналастыру

6. Гауптвахтаға қамауға алынатын әскери қызметшілерді қабылдауды тәулік бойы гауптвахта бастығы немесе қарауыл (кезекші ауысым) бастығы жүргізеді, ол:

1) осы қағидалардың тармағында көзделген гауптвахтаға жеткізілген адамның қабылдау үшін негіз беретін құжаттарының бар болуын және дұрыс рәсімделуін тексереді;

2) гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілермен сауал жүргізеді және оның жауаптарын жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген мәліметтермен салыстырады;

3) әскери полиция органдары медициналық жұмыскерінің (фельдшерінің) қатысуымен медициналық қарап тексеруді (жыныс бір адам) жүргізеді.

Әскери қызметші туралы, сондай-ақ сақтауға алынған және қабылданған құжаттар, заттар, нәрселер, бұйымдар, құндылықтар мен ақша сомасы туралы мәліметтерді қабылдайтын адам гауптвахтаға қамауға алынатын әскери қызметшінің қатысуымен осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Гауптвахтада ұсталатын адамдарды есепке алу журналына (бұдан әрі – Есепке алу журналы) енгізеді.

7. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілерге ілеспе құжаттар:

1) жеке басын куәландыратын құжат;

2) ұстау хаттамасы;

3) соттың істі қарау барысында шығарылған қамауға алу түріндегі жолын кесу шарасын бекіту туралы қаулысы;

4) соттың қамауға алу түріндегі жолын кесу шарасын таңдау туралы қаулысы;

5) үкімнің көшірмесі;

6) оны орындау туралы өкім болып табылады.

8. Гауптвахтаға қамауға алу түріндегі жолын кесу шарасын таңдау туралы судьяның не соттың қаулысынан үзінді көшірме ұсынылған жағдайларда онда оған қатысты осы жолын кесу шарасы қолданылған адамның толық сауалнамалық деректері көрсетіледі. Үзінді көшірме лауазымды адамның қолтаңбасымен расталады, елтаңбалы мөрмен бекітіледі және күнтізбелік үш күннен кешіктірілмей қаулының көшірмесімен ауыстырылуға тиіс.

9. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілердің жеке басын куәландыратын құжаттар жеке істе сақталады, сұрау салу бойынша кейіннен қайтарып берумен қылмыстық процесті жүргізетін органның өкіліне қолын қойғызып беріледі.

10. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілер медицина жұмыскерінің қорытындысы бойынша шұғыл стационарлық емделуге мұқтаж болса гауптвахтаға қабылданбайды. Медициналық көрсеткіштер бойынша оларға медициналық көмек көрсетіледі.

11. Медициналық қарап тексеруден өткеннен және оның нәтижелерін алғаннан кейін гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілер төсек жабдықтарын алады.

12. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілерге құқықтары мен міндеттері, ұстау режимі, тәртіптік талаптар, ұсыныстарды, өтініштер мен шағымдарды беру тәртібі туралы ақпарат (жазбашамен қатар ауызша түрде) беріледі.

13. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілер осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес Гауптвахталардағы күдіктілер мен айыпталушылардың өзін-өзі ұстау қағидаларын сақтайды.

14. Әрбір гауптвахта стендісінде Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілердің негізгі құқықтары мен міндеттері, өзін-өзі ұстау қағидалары туралы ақпарат мемлекеттік және орыс тілдерінде ілінеді.

15. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілер камералар бойынша мынадай талаптарды сақтай отырып, гауптвахтада ұсталатындар басқа қамаққа алынғандардан (сотталғандардан, әкімшілік тәртіппен қамаққа алынғандардан) бөлек және жеке орналастырылады:

1) офицерлер сержанттар мен қатардағы жауынгерлер құрамдары лауазымдарында келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілерден бөлек;

2) мерзімді қызмет әскери қызметшілері 1) тармақшада көрсетілген әскери қызметшілер санатынан бөлек;

3) әскери қызметші әйелдер ерлерден бөлек;

4) бір қылмыстық іс бойынша немесе өзара байланысты бірнеше іс бойынша күдікті және айыпталушы әскери қызметшілер;

5) гауптвахта бастығының шешімі бойынша не іс жүргізуінде қылмыстық іс бар адамның немесе органның жазбаша шешімі бойынша басқа күдіктілер мен айыпталушылар тарапынан өмірі мен денсаулығына қауіп төнетін күдіктілер мен айыпталушылар;

6) инфекциялық аурулармен сырқаттанған немесе ерекше медициналық күтімге және қадағалауға мұқтаж әскери қызметшілер.

Камералар бойынша орналастыруды осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әскери полиция органының бастығы бекіткен Камералар бойынша орналастыру жоспарына сәйкес жүргізіледі.

16. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілер құлыппен жабылатын ортақ камераларда ұсталады, олардың сипаттамасы осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес келтірілген.

Гауптвахтада ұсталатын адамдарды жеке камераларға орналастыруға гауптвахта бастығының дәлелді шешімі бойынша мынадай:

1) "Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнайы мекемелерде ұстау тәртібі мен шарттары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 32-бабында көзделген бөлек орналастыру талаптарын сақтауды қамтамасыз етудің өзге де мүмкіндігі болмаған кезде;

2) өмірі мен денсаулығы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүддесінде;

3) гауптвахтада ұсталатын адамдардың жеке ұстау туралы жазбаша өтініші болған кезде;

4) басқа айыпталушылар мен күдіктілерді, гауптвахта қарауылының (кезекші ауысымының) жеке құрамын балағаттаған;

5) гауптвахта қарауылының (кезекші ауысымының) немесе әскери полиция органы басқа да лауазымды адамдарының заңды талап қоюларын орындамаған;

6) Гауптвахтада ұсталатын күдіктілер мен айыпталушыларды ұстау қағидалары бұзылған;

7) сақтауға және пайдалануға тыйым салынған құралдарды, заттарды сақтаған, жасаған және пайдаланған;

8) құмар ойындарына қатысқан жағдайларда жол беріледі.

17. Заңның 31-бабының 2-тармағына сәйкес күдіктілер мен айыпталушыларды бір тәуліктен астам мерзімге жеке камераларға орналастыруға прокурор санкция берген әскери полиция органының дәлелді қаулысы бойынша жол беріледі.

Күдіктілер мен айыпталушыларды жеке камераларға орналастыру туралы қаулының нысаны осы Қағидаларға 7-қосымшада келтірілген.

18. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілердің барлық жүріп-тұруында (гауптвахта дәліздері мен аумағында жүріп-тұруында, серуендеуінде, санитариялық өңделуде, еңбек объектілерінде) оқшаулау тәртібі қамтамасыз етілуге тиіс.

19. Оқшаулауды қамтамасыз ету үшін камералардың терезелері камераға табиғи жарық түсуіне кедергі келтірмейтін торлармен жабдықталады. Камералардың терезелері күндізгі уақытта камераға табиғи жарықтың түсуіне және таза ауаның кіруіне кедергі келтірмейтін жеткілікті көлемде болуға тиіс.

3-тарау. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілерге жеке тінту жүргізу, дактилоскопия жасау, оларды суретке түсіру және заттарын толық тексеру

20. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілерге жеке тінту жүргізілуге, дактилоскопиялауға және суретке түсірілуге, ал олардың жеке заттары толық тексерілуге тиіс.

21. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілерді жеке тінту және олардың заттарын толық тексеру сақтауға және пайдалануға тыйым салынған құралдарды, заттар мен азық-түлік өнімдерін не осы әскери қызметшіге тиесілі емес заттарды анықтау және алу мақсатында жүргізіледі.

22. Жеке тінту толық және ішінара болады.

23. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілер жеке камераға қамау кезінде қабылдау және одан тыс жіберу алдында толық тінтілуге ұшырайды.

Жеке тінту әскери қызметшіні, оның киімі және аяқ киімін мұқият тексерумен сүйемелденеді. Әскери қызметшілерге толық шешіну, денесінің тиісті жерлерін ашып көрсету ұсынылады. Егер пластырь жапсырмалары, гипс және басқа да таңулар бар болғанда олар медицина жұмыскерінің (фельдшердің) рұқсатымен тексеріледі.

Одан кейін жеке дене бітімін тексеру жүргізіледі, оның кезінде қолдары мен аяқтары саусақтарының арасы, табанының өкшелері, екі жағынан қолдарының білектері, тері қабаты, құлақтары, ауыз және мұрын қуыстары, қолтықтарының асты, аяқтарының ортасы, сондай-ақ бар хирургиялық тыртықтары тексеріледі, шаштары тарақпен таралады.

Дене бітімін тексергеннен кейін киімі, аяқ-киімі мен іш киімі мұқият тексеріледі. Киімдері, әсіресе тігістері, қыртыстары, маталардың қос қабаттары мен астарлары мұқият қарап тексеріледі және тінтіледі. Күдікті жерлері бізбен тесілуі және тігістері бойынша сөгілуі мүмкін. Киімдердің қалталары, жеңдері, шалбарлар, іш киімдер, ұйықтар, шұлықтар ішіне қайырылады. Металл түймелер, ілмектер мен тоғалар қиылады және металл еместермен ауыстырылады. Аяқ киімдер ішкі және сыртқы жағынан мұқият тексеріледі, бұл ретте алынуы және қиылуы мүмкін астарына, жапсырмаларына, ұлтарағына және өкшелеріне ерекше назар аударылады. Аяқ киімнен металл жақтаулары мен тағалары алып тасталады, баулары алынады.

24. Ішінара тінту сотталғанды гауптвахтада шегінде камерадан шығарған кезде (медицина жұмыскеріне, тергеушіге, кездесуге дейін және одан кейін, басқа камераға ауыстырған кезде, дактилоскопиялау және фотосуретке түсіру үшін) жүргізіледі.

Ішінара тінту кезінде сотталғанды шешіндірмей, оның киімі мен аяқ киімі қаралады және тінтіледі.

25. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілерді жеке тінтуді гауптвахта қызметкерлері жүргізеді. Жеке тексеруді тек сол жыныстағы екі куәгердің қатысуымен тексерілетінмен бір жынысты адам жүргізеді. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызмешілерге дактилоскопия жасалады.

26. Гауптвахтаға қамауға алынатын әскери қызметшілерді, олардың жеке ісінде тану фотосуреттері болмаған кезде гауптвахта әкімшілігі суретке түсіреді. Олардың әрқайсысына көлемі 4,5x6, 6x9 сантиметр алты фотосурет (үшеуі алдынан және үшеуі қырынан) жасалады.

27. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілердің заттарын тексеру гауптвахтаға келіп түскен кезде, одан тыс жөнелтілер алдында, басқа камераға, әскери-медициналық мекемеге ауыстыру кезінде олардың қатысуымен жүргізіледі.

Олардың құрылымдық тұтастығын бұзбай жүзеге асырылатын заттарды тексеру, яғни қарап зерделеу екі куәгердің қатысуымен меншігінде бұл заттар бар адамның қатысуымен жүргізіледі.

28. Гауптвахтаға қамауға алынған күдіктілер мен айыпталушыларды жеке тінту немесе олардың заттарын тексеру осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес

нысан бойынша хаттамамен ресімделед. Жеке тінту мен заттарды тексеру қатар жүргізілген кезде бір хаттама жасалады.

29. Гауптвахтаға қамауға алынатын әскери қызметшінің хаттамаға қол қоюдан бас тартуы және оның тінту немесе заттарын тексеру кезіндегі барлық талаптары хаттамада жазылады.

4-тарау. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілерден сақтауға және пайдалануға тыйым салынған нәрселерді, заттар мен азық-түлік өнімдерін алу

30. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшіден сақтауға қабылданған немесе оған тиесілі алынған ақша, құндылықтар мен бағалы заттар гауптвахта бастығына сақтауға тапсырылады. Жеке құжаттар (жеке басын куәландыратын құжаттар) гауптвахта бастығында сақталады.

Сақтауға және пайдалануға тыйым салынған нәрселер, заттар мен азық-түлік өнімдері қамаққа алынғандардың заттарын сақтайтын бөлмеге сақтауға тапсырылады немесе жойылады.

31. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілерден алу не сақтауға қабылдау нәтижелері бойынша осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес үлгі бойынша үш данада алу актісі жасалады. Бірінші данасы гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшіге беріледі, екінші данасы – бөлімнің уәкілетті өкіліне беріледі, үшінші данасы жеке істе сақталады.

Осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес тұтқындалушының қатысуымен гауптвахтада ұсталатын қамауға алынғандарды есепке алу журналында алынған және сақтауға қабылданған заттар мен мүлік туралы жазба жасалады және оған үш данада жасалатын қабылдағаны туралы қолхат беріледі, одан кейін тұтқындалған камераға орналастыру үшін гауптвахта (кезекші ауысым) бастығына жіберіледі.

32. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілерден заттар мен азық-түлік өнімдерін сақтауға қабылдауды әскери полиция органы медициналық бөлім қызметкерінің қатысуымен қарауыл (кезекші ауысым) бастығы жүргізеді.

33. Қамауда ұстау кезеңінде гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшіден ақшаны немесе құндылықтарды алудың немесе табудың әрбір фактісі бойынша олардың келіп түсу көзін және нақты иесін анықтау мәніне қызметтік тексеру жүргізіледі.

34. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшінің өтініші бойынша және адамның не іс жүргізуінде қылмыстық іс бар органның келісімімен гауптвахтада сақтауда тұрған нәрселер, заттар мен азық-түлік өнімдері гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшінің туыстарына беріледі.

35. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметші қайтыс болған жағдайда сақтауда тұрған оған тиесілі ақша, құндылықтар, басқа да нәрселер, заттар және азық-түлік өнімдері оның туыстарына беріледі.

5-тарау. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілерді материалдық-тұрмыстық қамтамасыз ету

36. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілер:

- 1) ұйықтайтын орынмен;
- 2) ұйықтаған уақытта төсек жабдығымен, оның ішінде матрацпен, жастықпен, көрпемен, екі жаймамен, жастық тысымен, сүлгімен (әскери қызметші әйелдер – қосымша сүлгімен);
- 3) тамақтану уақытында асханалық ыдыспен және асханалық аспаптармен (тегешпен, кружкамен, қасықпен);
- 4) жалпыәскери жарғылармен, кітаптармен, журналдармен және мерзімді басылыммен қамтамасыз етіледі.

37. Барлық камераларға түнгі уақытта кезекші жарық түсіріледі.

38. Камералар санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға (үй-жайдың шаршылық ауданы, көзге қауіпсіз жарық, күндізгі жарықпен әдебиет оқу мүмкіндіктері, үй-жайды желдету) жауап беруге тиіс.

39. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшіге аптасына екі реттен сиретпей ұзақтығы 15 минуттан артық емес душта жуынуға мүмкіндік беріледі.

Моншада жуыну аптасына бір рет гауптвахта бастығы белгілеген күндері және сағаттарда жүргізіледі. Моншада жуыну күндері сотталғандардың іш киімдері мен төсек-орын жабдығын ауыстыру жүзеге асырылады, оларды медициналық қарап тексеру жүргізіледі.

40. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілерге олардың өтініші бойынша ұсыныстар, өтініштер, шағымдар жазу үшін жазу құралдары (қағаз, шарикті қалам) беріледі.

6-тарау. Сауқаттарды, сәлемдемелерді қабылдау және гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілерге беру

41. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілерге бірінші кезекте қажет болатын заттары, маусым бойынша киімі бар сауқаттар, сәлемдемелер алуға рұқсат етіледі.

Сауқаттар, сәлемдемелер гауптвахта бастығының қатысуымен тексеріледі.

42. Осы Қағидаларға 10-қосымшада келтірілген азық-түлік өнімдері, бірінші кезекте қажет болатын заттар, аяқ киім, киім-кешек және басқа да өндірістік тауарлардың тізімдерін қабылдауға болады.

Беруге рұқсат етілген заттар тізбесі гауптвахта стендісінде мемлекеттік және орыс тілдерінде ілінеді.

43. Сәлемдемелерді жеткізген адам осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данада өтінішті толтырады және қол қояды.

44. Сәлемдемені қабылдай отырып, гауптвахта қызметкері келушіге жеке құжаттары мен қабылдағаны туралы қолы қойылған өтініштің бір данасын қайтарып береді, ал екінші данасын гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметші сәлемдемені алғаны туралы қолтаңбасын қойғаннан кейін оның жеке ісіне тіркеледі. Жеке істе сәлемдемені алғаны туралы белгі жасалады. Өтінішке қол қоюдан бас тартылған жағдайда онда ол туралы тиісті белгі жасалады.

45. Сауқаттан, сәлемдемеден, бандерольден, хаттан табылған гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшіде болуға тыйым салынған нәрселер немесе заттар алынады және қайтару себептерін көрсете отырып, сәлемдемені жеткізген адамға қайтарылады. Сәлемдеме пошта арқылы алынған жағдайда тыйым салынған нәрселер, заттар немесе ақша әскери қызметшінің жеке заттарының тізімдемесіне енгізіледі және жазалау мерзімін өтегенге дейін оның басқа да жеке заттарымен бірге сақталады.

46. Сәлемдемелер:

- 1) адресат гауптвахтадан босатылған;
- 2) гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметші қайтыс болған;
- 3) сәлемдемені жеткізген адам жеке басын куәландыратын құжатты көрсетуден бас тартқан;
- 4) гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшінің атына келген сәлемдемені қабылдаудан жазбаша түрде бас тартуы жағдайларында қабылданбайды және келушіге кері қайтарылады.

47. Сауқат немесе сәлемдеме, оны қабылдағаннан кейін бір тәуліктен кешіктірілмей гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшіге беріледі.

7-тарау. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілердің жеделхаттар мен хаттарды алуы, сондай-ақ шағымдарды, өтініштерді және ұсыныстарды жолдауы

48. Хат алмасу, прокурорға және сотқа жазылған хаттардан басқа, іс жүргізуінде қылмыстық іс бар адамның немесе органның рұқсаты бойынша гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілердің есебінен жүзеге асырылады.

49. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілерден хаттар мен жеделхаттардың толтырылған бланкілерін гауптвахта өкілі күн сайын қабылдайды. Хаттар, оларда жөнелтушінің тегін, аты-жөнінің бас әріптерін және гауптвахтаның пошталық мекенжайын көрсете отырып, жапсырылмаған конверттерде ғана қабылданады. Жеделхаттың толтырылған бланкісіне жеделхатқа төлеу үшін гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшінің дербес

шотынан ақша алу өтінішімен гауптвахта бастығының атына жазылған қамауға алынғанның өтініші (еркін нысанда) қоса беріледі.

50. Жеделхат жолданғаннан кейін гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшіге пошта түбіртегі тапсырылады, ал дербес шотында ақша болған кезде оған тиісті белгісі бар ақша түбіртегі қайтарылады. Қалдық болмаса, ақша түбіртегі өтінішке қоса тіркеледі. Жеделхатты жолдаған гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшінің пошта түбіртегін алғаны туралы қолы қойылған өтініші жеке ісіне қоса тіркеледі.

51. Келіп түскен хаттарды тапсыруды қарауыл (кезекші ауысым) бастығы жүргізеді.

52. Гауптвахта қызметкерлері күн сайын камераларды аралайды және гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілерден ұсыныстарды, өтініштер мен шағымдарды жазбаша да, ауызша да қабылдайды.

53. Гауптвахтада осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша гауптвахтаны инспекциялайтын адамдардың ескертулері мен ұсыныстары кітабы жүргізіледі.

54. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілердің ұсыныстары, өтініштері мен шағымдары осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Ұсыныстарды, өтініштер мен шағымдарды тіркеу кітабында тіркеледі және күнтізбелік бір күннен кешіктірілмей әскери полиция органы арқылы тиесілігі бойынша жолданады. Гауптвахта бастығы ұсыныстарды, шағымдарды және өтініштерді тіркеу кітабының тиісті түрде жүргізілуіне және сақталуына жауапты болады. Жазбаша жазылған және жолданатын ұсыныстар, өтініштер мен шағымдар тіркеледі және оларға рұқсат ету үшін әскери полиция органының және гауптвахтаның басшылығына баяндалады.

55. Ауызша нысанда қабылданған ұсыныстар, өтініштер мен шағымдар гауптвахта бастығына баяндалады.

56. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілер 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі (бұдан әрі – ҚР ҚАК) 10-бабының 2-тармағына сәйкес әскери полиция органына, сотқа, прокуратура органына, өзге де мемлекеттік органдарға және лауазымды адамдарға, қоғамдық бірлестіктерге, сондай-ақ адам құқықтары мен бостандығын қорғау жөніндегі халықаралық ұйымдарға ауызша және жазбаша ұсыныстарымен, өтініштерімен және шағымдарымен өтініш жасайды.

57. Жазбаша ұсыныспен, шағыммен немесе өтінішпен жүгінген әскери қызметшіге осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті қабылдаған адамның әскери атағы, тегі мен аты-жөндерінің бас әріптері, күні және уақыты көрсетілумен өтініштің, шағымның қабылданғаны туралы талон беріледі.

8-тарау. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілердің газеттер мен журналдарға жазылуы

58. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілерге Қазақстан Республикасының байланыс бөлімшелері арқылы таратылатын газеттер мен журналдарға жазылу құқығы беріледі.

59. Жазылуды ресімдеу үшін гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметші гауптвахта бастығының атына өтініш жазады. Жазылуды ресімдеуге ниет білдірген гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшіге өз есебінен абонемент пен жеткізу карточкасының бланкілері беріледі.

60. Байланыс бөлімшесінде жазылуды ресімдеуді гауптвахта қызметкері гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшінің дербес шотындағы қаражат есебінен жүргізеді.

61. Жазылуды басқа мекенжайға жолдау жазылушы есебінен әскери полиция органы басшылығының рұқсатымен оның жазбаша өтініші бойынша жүзеге асырылады.

62. Жазылуды гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшінің атына оның туыстары ресімдей алады.

63. Жазылу ресімделуі мүмкін басылымдар санына шек қойылмайды.

9-тарау. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілерді медициналық-санитариялық қамтамасыз ету

64. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілер әскери полиция органының медицина жұмыскері күн сайын қарап тексерген уақытта медициналық көмекке, ал жіті науқастанған жағдайда гауптвахта қызметкеріне жүгінеді. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметші жүгінген қызметкер оған медициналық көмек көрсету және медицина жұмыскерін шақырту үшін шаралар қабылдайды.

65. Денсаулық жағдайына шағымданған гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметші медицина жұмыскерінің (фельдшердің) қорытындысы бойынша шұғыл білікті медициналық көмек көрсету қажет болған кезде гауптвахта бастығының рұқсатымен айдауылдың бірге жүруімен медициналық мекемеге жіберіледі.

Гауптвахта бастығы әскери қызметшінің медициналық мекемеге орналасқаны туралы прокурорға, судьяға және әскери бөлімнің қолбасшылығына дереу хабарлайды.

Гауптвахтаға қамалған әскери қызметшіні госпитальға жатқызған жағдайда оған оқшауланған палата бөлінеді, оны күзетуді қамтамасыз ету үшін айдауыл қойылады.

Медициналық мекемеде айдауылды әскери полиция органы бастығының келісуі бойынша әскери бөлім командирі белгілейді. Қажеттілігіне қарай палата жиналмалы күзет құралдарымен жабдықталды.

66. Күдікті, айыпталушы сауыққаннан кейін, егер судьяның өзге шешімі болмаса, айдауылдың бірге жүруімен гауптвахтаға қайта жіберіледі.

67. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілерге амбулаторлық көмек гауптвахтаның камераларында көрсетіледі. Дәрі-дәрмектерді беру дәрігердің тағайындауы бойынша белгіленген мөлшерлерде жеке қол қойдырумен жүзеге асырылады.

Медицина жұмыскері (фельдшер) гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілерді, оның ішінде гауптвахтаға тергеу жұмыстарынан немесе сот отырыстарынан келген әскери қызметшілерді оларда дене жарақатын және тері және инфекциялық аурулар белгілерінің болмауын анықтау мақсатында сырт келбетін қарап тексеруді жүргізеді.

Инфекциялық аурулары бар науқастар анықталған кезде олар дереу оқшауландырылады, эпидемияға қарсы іс-шаралар кешені жүргізіледі. Дене зақымдары мәніне жүргізілген қарап тексеру нәтижелері бойынша акт (еркін нысанда) жасалады.

69. Медицина жұмыскері (фельдшер) дене зақымдарын анықтаған кезде медициналық көмек көрсетеді, бір тәулік мерзімінде медициналық куәландыру жүргізіледі, оның нәтижелері гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшінің амбулаторлық картасына енгізіледі.

Медицина жұмыскері гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілердің анықталған дене жарақатының әрбір фактісі туралы әскери полиция органының бастығына баянатпен баяндайды.

10-тарау. Гауптвахтаға қамауға алынған адам тамақтанудан бас тартқан кезде қабылданатын шаралар

70. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшінің тамақтанудан бас тарту фактісі анықталған кезде қарауыл (кезекші ауысым) бастығы гауптвахта бастығына баяндайды. Гауптвахта бастығы себептерін анықтайды және әскери полиция органының бастығына баяндайды.

71. Тамақтанудан бас тартқан әскери қызметші гауптвахтада ұсталатын басқа әскери қызметшілерден бөлек ұсталады және медицина жұмыскерінің (фельдшердің) қадағалануында болады.

72. Егер оның өміріне қауіп төнсе, тамақтанудан бас тартқан әскери қызметшінің денсаулығын сақтауға бағытталған, оның ішінде мәжбүрлеу

сипатындағы шаралар оны қадағалайтын медицина жұмыскерінің (фельдшердің) жазбаша қорытындысы негізінде медициналық көрсеткіштер бойынша жүзеге асырылады.

73. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшінің тамақтанудан бас тартуы күзетпен басқа жерлерге этаппен жөнелтуге және айдауылдауға, сондай-ақ тергеу әрекеттеріне және сот отырыстарына қатысуына кедергі болмайды.

Қажет болған кезде этаппен жөнелту және айдауылдау медицина жұмыскерінің (фельдшердің) бірге жүруімен жүргізіледі.

11-тарау. Күнделікті сейілдеу

74. Әрбір гауптвахта жанында гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілердің сейілдеуіне арналған осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес сейілдеу аулаларының сипаттамасымен белгіленген биіктігі кемінде үш метр қалың дуалмен қоршалған, жоғары жағынан металл тормен жабдықталған сейілдеуге арналған аула жабдықталады.

75. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілер күн сайын кемінде ұзақтығы 1 сағат сейілдеуді пайдаланады. Жүкті әскери қызметші әйелдер үшін сейілдеу ұзақтығы кемінде 3 сағатты құрайды. Сейілдеу ұзақтығын күн тәртібін, ауа райын, мекемедегі адам санын ескере отырып, гауптвахтаның әкімшілігі белгілейді.

76. Сейілдеу камера бойынша күндізгі уақытта гауптвахтаның арнайы жабдықталған аумағында жүргізіледі. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметші осы Қағидаларда белгіленген талаптарды бұзған жағдайда, гауптвахта бастығының, қарауыл (кезекші ауысым) бастығының шешімі бойынша оның сейілдеуі мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

Офицерлер мен әскери қызметші әйелдер сейілдеуге қалған әскери қызметшілерден бөлек шығарылады.

77. Сейілдеуден босатуды әскери қызметшінің өтінішін қарағаннан кейін гауптвахта бастығы жүзеге асырады.

12-тарау. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілердің қорғаушылармен, туыстарымен және өзге де адамдармен кездесулерін өткізу

78. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшімен кездесуге бір уақытта екеуден артық емес кәмелетке толған адамдар жіберіледі.

79. Кездесу жалпы кезектілік тәртібінде беріледі. Кездесуге келген адамдар кездесу уақытында өзін-өзі ұстау қағидалары туралы хабардар етіледі және осы

Қағидалармен белгіленген талаптарды бұзған жағдайда кездесу тоқтатылатыны туралы ескертіледі.

80. Кездесуге жеке басын куәландыратын құжаттарынсыз не масаң күйінде келген адамдарға, сондай-ақ рұқсатта көрсетілмеген адамдарға кездесу берілмейді. Кездесу беруден бас тарту себептері кездесуге келген адамға жарияланады.

81. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілердің туыстарымен және өзге де адамдармен кездесулері гауптвахта қызметкерлерінің бақылауымен арнайы жабдықталған үй-жайларда қандай да бір заттарды беруді болдырмайтын, бірақ сөйлесуге және көзбе-көз кездесуге кедергі жасамайтын бөлетін қабырға арқылы жүргізіледі.

Әрбір гауптвахтада кабиналардан тұратын кездесуге арналған орын жабдықталады. Кабиналар ілмексіз жеңіл есіктермен жабдықталады.

Кабиналар арасын бөлетін қабырға сөйлесетін саңылауы бар органикалық әйнектен жасалады.

82. "Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде ұстау тәртібі мен шарттары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабы 1-тармағы 1) тармақшасының негізінде адвокатураға қатыстылығын растайтын құжатын және адвокаттың нақты істі жүргізуге өкілеттігін куәландыратын ордерінің екінші данасын көрсетуі бойынша қорғаушы ретінде іске қатысушы адвокатпен кездесу беріледі.

83. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілермен кездесулерге рұқсат алған адамдарға әскери полиция органы бастығының немесе оның орнында болатын адамдардың рұқсатынсыз гауптвахтаға техникалық байланыс құралдарын, компьютерлерді, кино, фото, аудио, бейне және көбейту аппаратурасын алып кіруіне және кездесу уақытында оларды пайдалануына жол берілмейді.

84. Кездесуге келген адамдар кездесуді өткізуге жауапты гауптвахта қызметкерінің заңды талаптарын орындамаған, тыйым салынған нәрселерді, заттар мен азық-түлік өнімдерін не қылмыстық іс бойынша ақиқатты анықтауға кедергі келтіруі немесе қылмыс жасауға ықпал етуі мүмкін мәліметтерді беруге әрекеттер жасаған жағдайда кездесулер мерзімінен бұрын тоқтатылады.

85. Кездесу мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда оны өткізуге жауапты гауптвахта қызметкері кездесуді тоқтату себептерін көрсете отырып, ол туралы гауптвахта бастығына жазбаша түрде баяндайды.

86. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілермен кездесулер қысқа уақытқа тоқтатылған жағдайда (карантинге, ерекше жағдайлар режимнің енгізілуіне байланысты) гауптвахта бастығы бұл туралы гауптвахтада заңдылықтың сақталуына қадағалауды жүзеге асыратын прокурорға, тиісті сот

және тергеу органдарына хабарлайды, әскери полиция органының бақылау-өткізу пунктінде мемлекеттік және орыс тілдерінде хабарландыру ілінеді.

13-тарау. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілердің тергеу әрекеттеріне және сот отырыстарына қатысуын қамтамасыз ету

87. Әскери полиция органының басшылығы қылмыстық іс жүргізетін судьяларға, прокурорларға, тергеушілерге, анықтауды жүргізетін адамдарға гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілермен тергеу әрекеттерін жүргізу үшін жұмыс уақытында гауптвахтаға кедергісіз кіруін қамтамасыз етеді.

88. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілер Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ҚПК) 209-бабы 2-тармағының талаптарына сәйкес кейінге қалдыруды күттірмейтін жағдайлардан басқа, тек күндізгі уақытта тергеуге шақыртылады.

89. ҚР ҚПК-да көзделген жағдайларды қоспағанда, гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілерді камералардан кездесуге, сондай-ақ қарауыл (кезекші ауысым) кезекшілікті тапсыру-қабылдау кезеңінде, күн тәртібіне сәйкес тамақтану (таңғы ас, түскі ас, кешкі ас) уақытында, сондай-ақ түнгі уақытта (кешкі сағат 22.00-ден бастап келесі күнгі таңғы сағат 6.00-ге дейін) шығаруға жол берілмейді.

90. Тергеушінің, анықтау жүргізетін адамның, прокурордың немесе соттың (судьяның) нұсқауы бойынша гауптвахта аумағында тергеу әрекеттерін, амбулаторлық сот-психиатриялық және басқа да сараптамалар жүргізу үшін гауптвахта бастығы:

- 1) жабдықталған үй-жай береді;
- 2) гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшіні жеткізеді және оны күзетуді қамтамасыз етеді;
- 3) тергеу әрекеттеріне қатысу үшін тартылатын өзге де адамдардың гауптвахтаға кіруін қамтамасыз етеді.

91. Апелляциялық инстанцияның қамауда ұстау мерзімін ұзарту туралы, істі бір органнан екіншісіне беру туралы істі қарайтыны туралы хабарламалар гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілерге қолын қойдырумен жарияланады және олардың жеке істеріне қоса тіркеледі.

14-тарау. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілерді көтермелеу және жазалар қолдану

92. Көтермелеу және жазалау шаралары барлық гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілерге Қазақстан Республикасы Президентінің 2007

жылғы 5 шілдедегі № 364 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының тәртіптік жарғысында (бұдан әрі – Тәртіптік жарғы) белгіленген тәртіппен қолданылады.

Гауптвахтаға қамауға алынған әрбір әскери қызметшіге әскери полиция органдарында Тәртіптік жарғыға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қызметтік карточкалар басталады және тіркеледі, ол әскери қызметші босатылған кезде жеке ісімен бірге бұрынғы қызмет орнына жолданады.

93. Көтермелеу шаралары ретінде бұрын қолданған жаза мерзімінен бұрын алынуы және алғыс жариялау қолданылуы мүмкін.

94. Гауптвахтада қамау тәртібін бұзғаны, күдіктіге және айыпталушыға белгіленген міндеттерін орындамағаны үшін Заңға сәйкес жазалау шаралары қолданылады:

1) сөгіс;

2) он бес тәулікке жеке камераға қамауға алу.

95. Жеке камераға қамауға алу түріндегі жазаны гауптвахта бастығы медицина жұмыскерінің (фельдшердің) гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшіні дәлелді қаулының негізінде жеке камерада ұстау мүмкіндігі туралы қорытындысы бар болғанда қолданылады.

Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілерге жаза қолдану қолдарын қойдырумен жеткізіледі. Бұйрықтың көшірмесі немесе одан үзінді көшірме, тексеру материалдарымен қаулы осы адамның жеке ісіне қоса тіркеледі.

96. Жеке камераға қамауға алынған әскери қызметшіні санитариялық өңдеу олар жазалауды өтеп болғаннан кейін, ал медицина жұмыскерінің (фельдшердің) нұсқауы бойынша оны жеке камерада ұстау кезеңінде де жүргізіледі. Медицина жұмыскерінің (фельдшердің) науқастанғанды жеке камерадан мерзімінен бұрын босату қажеттілігі туралы нұсқауы дереу орындалады.

97. Ауызша жарияланғандардан басқа, барлық көтермелеулер мен жазаларды гауптвахта бастығы хабарлайды және осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілердің жазалауларды және көтермелеулерді есепке алу кітабына есепке алынады және әскери қызметшінің қызметтік карточкасына жазылады.

98. Жеке камераға қамауға алу туралы қарауыл (кезекші ауысым) бастығы баянатпен гауптвахта бастығына баяндайды, ол бұл туралы жоғары тұрған бастыққа баяндайды.

15-тарау. Гауптвахта бастығының гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілерді жеке қабылдауы

99. Гауптвахта бастығының гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілерді жеке қабылдауы демалыс және мереке күндерінен басқа, күн сайын жұмыс уақытында жүзеге асырылады.

100. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілерді жеке қабылдау олардың мәліметіне жеткізілетін және гауптвахта стендісіне ілінетін гауптвахта бастығы бекіткен кесте бойынша жүзеге асырылады.

101. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілерді жеке қабылдауға жазу гауптвахта қызметкерлерінің камераларды аралауы уақытында күн сайын жүзеге асырылады.

Гауптвахта бастығының атына қабылдау туралы өтініштер (еркін нысанда толтырылады) жазбаша түрде беріледі немесе ауызша жасалады және әскери қызметші қабылдауына баруды жоспарланған лауазымды адамды көрсете отырып, осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оларды беру кезектілігі тәртібінде әскери полиция органы бастығының жеке қабылдау журналына (бұдан әрі – жеке қабылдау журналы) тіркеледі.

102. Қабылдау өтініштерді беру кезектілігі тәртібінде жүргізіледі. Қабылдау аяқталғаннан кейін жеке қабылдау журналында және жеке қабылдау туралы өтініште оның нәтижелері тіркеледі. Өтініш гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшінің жеке ісіне қоса тіркеледі.

103. Гауптвахта бастығының гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілердің жақын туыстарын жеке қабылдауы гауптвахтаның ақпарат стендісіне ілінетін кесте бойынша қызметтік кабинетте жүргізіледі.

104. Әскери қызметшілердің жақын туыстарын жеке қабылдау нәтижелері жеке қабылдау журналына тіркеледі.

16-тарау. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілердің мәйіттерін беру

105. Заңның 23-бабына сәйкес әскери полиция органының басшылығы гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшінің қайтыс болғаны туралы оның жақын туыстарына, қадағалаушы прокурорға, әскери бөлімнің қолбасшылығына, сондай-ақ іс жүргізуінде қылмыстық іс бар адамға немесе органға дереу хабарлайды.

Егер қайтыс болған әскери қызметшінің жақын туыстары гауптвахта орналасқан қалада немесе елді мекенде тұрмаса, хабарлама телеграф арқылы жолданады.

106. Қайтыс болған әскери қызметшінің мәйіті талап етілгенге дейін, бірақ жеті тәуліктен асырылмай не уәкілетті орган қайтыс болу фактісі бойынша тексеруді аяқтағанға дейін денсаулық сақтау органдарының жақын жердегі емдеу мекемесіндегі мәйітханаға сақтауға беріледі.

107. Мәйітті беру оны талап еткен адамның жазбаша өтініші бойынша іс жүргізуінде қылмыстық іс бар адамның немесе органның, әскери бөлім қолбасшылығының рұқсатымен жүзеге асырылады. Мәйітті алу үшін жеке басын куәландыратын құжатты көрсету қажет.

108. Егер қайтыс болғанның туыстары мәйітті алуы үшін уақтылы келуге мүмкіндігі болмаса, олар бұл туралы қосымша хабарлайды.

109. Көрсетілген мерзімде талап етілмеген қайтыс болған әскери қызметшінің мәйіті мемлекет есебінен жерлеу үшін беріледі.

17-тарау. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілерді босату

110. Қамаудан босатылған күдіктіге немесе айыпталушыға жеке құжаттары, заттары, оның дербес шотында сақталудағы ақшасы, сондай-ақ осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысанда анықтама беріледі, онда қандай сотпен қамауға алуға санкция берілгені, ұстау негіздемелері, орны мен уақыты және жолын кесу шарасын таңдау, босату негіздемелері мен уақыты. Гауптвахтада ұсталған кезеңінде әскери қызметшілерді көтермелеу немесе жазалар көрсетіледі, гауптвахтадан босатылған күні әскери бөлімнің қолбасшылығына жазбаша түрде хабарланады.

111. Гауптвахта бастығы әскери бөлімнің командиріне оны қамауда ұстау мерзімі өткенге дейін 3 тәулік бұрын әскери қызметшіні босату туралы хабарлайды.

112. Әскери бөлімнің командирі гауптвахта бастығының хабарламасы бойынша көрсетілген уақытта әскери қызметшіні қызмет орнына алып келу үшін гауптвахтаға бөлімнің өкілін жібереді, сондай-ақ оны маусым бойынша киіммен қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайды.

Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің әскери
полиция органдарының
гауптвахтасындағы ішкі
тәртіптеме және онда күдіктілер
мен айыпталушыларды ұстау
тәртібі қағидаларына
1-қосымша
Нысан
"Бекітемін"

әскери полиция органының
бастығы

(әскери атағы, қолы, тегі және
аты-жөні)

20 ____ жылғы " ____ " _____

(үлгілік)

1. Күдіктілер және айыпталушылар Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери полиция органдарының гауптвахтасындағы ішкі тәртіптеме және онда күдіктілер мен айыпталушыларды ұстау тәртібі қағидаларын сақтайды

2. Гауптвахтада ұсталған күдіктілер мен айыпталушылар үшін мынадай күн тәртіптемесі белгіленеді:

Р/с №	Жүргізілетін іс-шаралардың атауы	Ұзақтығы	Өткізу уақыты	
			басталуы	аяқталуы
1.	Таңертеңгілік тұру	10 минут	6.00	6.10
2.	Айыпталушылар мен күдіктілерді тексеру, төсек орнын өткізу және сәкілерді көтеру	20 минут	6.10	6.30
3.	Таңертеңгі жуыну	40 минут	6.30	7.10
4.	Гауптвахта камераларын және үй-жайларын жинау	40 минут	7.10	7.50
5.	Таңғы тексеру	30 минут	7.50	8.20
6.	Таңертеңгі ас	20 минут	8.20	8.40
7.	Гауптвахта қызметкерлерінің камераларды аралап шығуы	20 минут	8.40	9.00
8.	Жарғыларды зерделеу бойынша сабақтар	120 минут	9.00	11.00
9.	Саптық даярлық бойынша сабақтар	120 минут	11.00	13.00
10.	Жуыну, қол жуу	20 минут	13.20	13.40
11.	Түскі ас	40 минут	13.40	14.20
12.	Жеке уақыт	30 минут	14.20	14.50
13.	Сейілдеу	60 минут	14.50	15.50
14.	Жүкті әйелдердің сейілдеуі	180 минут	14.50	17.50
15.	Шаруашылық жұмыстарын жүргізу	40 минут	17.50	18.30
16.	Жеке уақыты	30 минут	18.30	19.00
17.	Кешкі ас	30 минут	19.00	19.30
18.	Мерзімді басылымдарды	50 минут	19.30	20.20

	және журналдарды қарау			
19.	Гауптвахта камералары мен үй-жайларын жинау	40 минут	20.20	21.00
20.	Кешкі жуыну	30 минут	21.00	21.30
21.	Кешкі тексеру	20 минут	21.30	21.50
22.	Төсек жабдығын беру, сәкілерді түсіру	10 минут	21.50	22.00
23.	Ұйықтау	22.00		

_____ гарнизоны
 әскери полиция органының гауптвахта бастығы

(әскери атағы, қолы, тегі және аты-жөні)

20 ____ ж. " ____ " _____

Қазақстан Республикасы
 Қарулы Күштерінің әскери
 полиция органдарының
 гауптвахтасындағы ішкі
 тәртіптеме және онда күдіктілер
 мен айыпталушыларды ұстау
 тәртібі қағидаларына
 2-қосымша
 Нысан

Гауптвахтада ұсталатындарды есепке алу журналы

20 ____ ЖЫЛҒЫ " ____ " _____ басталды.

20 ____ ЖЫЛҒЫ " ____ " _____ аяқталды.

№ р/с	Гауптвахтаға қамалған күні мен уақыты	Лауазымы, әскери атағы, тегі, аты-жөні	Әскери бөлімінің нөрімі	Кім ұстады (қамауға алды, соттады)	Ұстау себебі (қамауға алу, не үшін сотталды, қандай	Қай мерзімге және қандай камера	Қабылданған киім-кешекте	Ұстау (қамауға алу, соттау) мерзімі	Қамауға алынғанды қабылдау кезінде медициналық тексеру уақыты, моншада жуыну және денесі	Гауптвахтада босатылғаны туралы жазбаның күні	Гауптвахтаға қабылдау кезінде заттарды, құжаттар мен ақшаны	Гауптвахтадан босаған кезінде заттарды, құжаттарды және ақшаны
----------	---------------------------------------	--	-------------------------	------------------------------------	---	---------------------------------	--------------------------	-------------------------------------	--	---	---	--

					бабы бойынша	да ұсталды	құжаттар мен ақша	қашан аяқталды	н қарап тексеру туралы жазба (медицина қызметкерінің қолтаңбасы)	мен уақыты	тапсырғаны туралы қолтаңбасы	ы алғаны туралы қолы
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13

Ескертпе: Журнал нөмірленген, тігілген, тиісті қолтаңбамен куәландырылған және мөрмен мөрленген болуға тиіс. Журнал гауптвахтаның қарауыл (кезекші ауысым) бастығында сақталады

Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің әскери полиция органдарының гауптвахтасындағы ішкі тәртіптеме және онда күдіктілер мен айыпталушыларды ұстау тәртібі қағидаларына
3-қосымша

Гауптвахтаға қамауға алынған күдіктілер мен айыпталушылардың өзін-өзі ұстау қағидалары

1. Гауптвахтаға қамауға алынған күдіктілер мен айыпталушылар:

1) "Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде ұстау тәртібі мен шарттары туралы" Қазақстан Республикасы Заңымен белгіленген қамауда ұстау тәртібін және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери полиция гауптвахталарындағы ішкі тәртіптемені сақтайды;

2) әскери полиция органы гауптвахта әкімшілігінің және қолбасшылығының талаптарын орындайды;

3) гигиена мен санитария талаптарын сақтайды;

4) күнделікті сейілдеуге шығады (сейілдеуден босатуды медицина жұмыскерінің қорытындысы бойынша гауптвахта бастығы жүзеге асырады);

5) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 қазандағы № 1077 қаулысымен бекітілген Өрт қауіпсіздігінің қағидаларын сақтайды;

6) гауптвахта мүлкіне ұқыпты қарайды;

7) камераларда және басқа да үй-жайларда кезектілік тәртібінде тазалық жасайды;

8) гауптвахта әскери қызметшілерінің, күдіктілер мен айыптаушылардың, сондай-ақ басқа да адамдардың ар-намысын қорлайтын іс-қимылдар жасамайды;

9) күзетпен ұстау тәртібін қамтамасыз ететін гауптвахта әскери қызметшілеріне, сондай-ақ басқа да адамдарға олардың қызметтік міндеттерін орындауға кедергі жасамайды;

10) белгіленген күн тәртібін сақтайды;

11) гауптвахта әскери қызметшілеріне жалпыәскери жарғыларға сәйкес әскери атағы бойынша немесе лауазымы бойынша тіл қатады;

12) гауптвахта әскери қызметшілерінің камераларына кірген кезде олардың командасы бойынша тұрады және көрсетілген жерде сапқа тұрады;

13) сыртқы пішінін ұқыпты ұстайды;

14) айдауылмен немесе гауптвахта әскери қызметшілерінің бірге жүруімен жүрген кезде қолын артында ұстайды;

15) гауптвахта әскери қызметшілерінің және басқа да лауазымды адамдардың талаптары бойынша әскери бөлімін, әскери атағын, тегін, атын және (бар болса) әкесінің атын хабарлайды;

16) тыныштықты сақтайды;

17) кезектілік тәртібінде камера бойынша кезекшілік атқарады.

2. Қамауға алғандардың өзін-өзі ұстау қағидаларын бұзуы:

1) гауптвахтаның басқа камераларында немесе өзге үй-жайларында отырған әскери қызметшілермен сөйлесу, қандай да бір заттарды беру, тарсылдату немесе олармен хат алмасу;

2) сөйлесудің, қандай-да бір заттарды берудің және бостандықта жүргендермен хат алмасудың белгіленген тәртібін бұзу;

3) әкімшіліктің рұқсатынсыз гауптвахта камерасынан және басқа да үй-жайларынан шығу;

4) гауптвахта объектілерін күзету желісін бұзу;

5) алкоголь ішімдіктерін, есірткі және психотроптық заттарды дайындау және тұтыну;

6) материалдық және басқа да табыс көру мақсатында үстел ойындарын ойнау;

7) өзіне және басқа да адамдарға дене суретін салу;

8) әкімшіліктің рұқсатынсыз ұйықтау орындарына перде ілу немесе ауыстыру

;

9) қолдан жасалған электр аспаптарын қолдану;

10) әкімшіліктің рұқсатынсыз электр аспаптарын пайдалану;

11) камерада ашық от жағу;

12) әкімшіліктің рұқсатынсыз санитариялық-техникалық, жарық беру және басқа да аспаптарға жөндеу жүргізу;

13) камералардағы санитариялық жүйенің ластануы;

14) гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілердің құқықтары мен міндеттері туралы ақпаратты камераның қабырғасынан алу;

15) қабырғаларға, камера мүкәммалына қағаз, фото, сурет, газет пен журнал қималарын жапсыру, оған жазбалар мен суреттер салу;

16) тыныштықты бұзу;

17) саптан шығу, шылым шегу, сөйлесу, камерадағы есіктің көзіне қарау, қандай да бір заттарды көтеру, гауптвахта аумағы бойынша жүрген кезде дабыл дабылдамасының түймесін басу;

18) терезеден бірдеңе лақтыру, терезе алдына шығу, форточкадан шығару, есіктің "көзшесіне" тығыз жақындау, "көзшені" жабу;

19) жеке пайдаланудағы заттарды сату, сыйлау немесе өзге де тәсілмен иелігінен шығару болып табылады.

Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің әскери
полиция органдарының
гауптвахтасындағы ішкі
тәртіптеме және онда күдіктілер
мен айыпталушыларды ұстау
тәртібі қағидаларына
4-қосымша
Нысан
"Бекітемін"

әскери полиция органының
бастығы

(әскери атағы, қолы, тегі және
аты-жөні)

20 __ жылғы " __ " _____

Камера бойынша орналастыру жоспары

Бөлек ұсталады	Камераның №	Камерадағы орындар саны	Ескертпе
1	2	3	4

ӘПБ бастығының орынбасары _____

(әскери атағы, қолы, тегі, аты-жөні)

Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің әскери
полиция органдарының
гауптвахтасындағы ішкі
тәртіптеме және онда күдіктілер
мен айыпталушыларды ұстау
тәртібі қағидаларына
5-қосымша

Ортақ камералардың сипаттамасы

Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілер ұсталатын камералардың құрылымы сыртқы қоршаған ортадан және аралас үй-жайлардан сенімді оқшаулауды қамтамасыз етуге тиіс. Камераларды жоспарлау нысаны есік негізінің "көзшесі" арқылы олардың анағұрлым жақсы көрінуін қамтамасыз етуге тиіс.

Камераның есігі металдан жасалған. Еден деңгейінен биіктігі 95 см төмен емес тамақ үлестіруге арналған желдеткіш орнатылуға тиіс. Камерадағы әскери қызметшілердің өзін-өзі ұстауын қадағалау үшін кіретін есікке "көзше" жабдықталады.

Камералардағы және ортақ пайдалану орындарындағы (жуынуға арналған бөлмедегі, дәретханадағы) есіктер мен терезелер техникалық күзет құралдарымен жабдықталады. Одан басқа, осы үй-жайлардың терезелеріне қажет болған кезде ішкі жағынан металл тормен қапталған темір тор болуға тиіс.

Ортақ камера бір адамға 0,4 метр есебінен қайрылып жиналатын төсекпен, үстелмен, ағаш орындықпен, түкіргішпен, ауызсуға арналған ыдыспен және кружкамен жабдықталады.

Офицерлерді және әскери қызметші әйелдерді ұстауға арналған камералар сәкілермен, үстелдермен, орындықтармен, жеке киім-кешек пен жуыну құралдарына арналған тумбочкалармен, ауызсуға арналған ыдыстармен және кружкалармен, ілгіштермен және түкіргіштермен жабдықталады.

Камераның барлық жабдықтары еденге бекітілуіне тиіс.

Барлық камераларға арналған құлыптар біркелкі болуға және біркелкі кілттермен құлыпталуға тиіс. Бір кілт қарауыл (кезекші ауысым) бастығында, екіншісі – гауптвахта бастығында және үшіншісі – әскери полиция органы бойынша кезекшіде сақталуға тиіс.

Камераларда терезелердің ішкі жағынан терезе саңылауына қолжетімді шектейтін металл тор орнатылады.

Гауптвахта дәліздерінде жуынуға арналған құралдар мен аяқ киім тазалауға арналған құралдарға, арналған құлыпқа жабылатын шкафтар болуға тиіс. Шкафтардың кілттері қарауыл (кезекші ауысым) бастығында сақталады.

Астары жылы күртеше мен бас киім, гауптвахтаның ұсталғандар мүліктерін сақтайтын бөлмесінде сақталады.

Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің әскери
полиция органдарының
гауптвахтасындағы ішкі
тәртіптеме және онда күдіктілер

Тыйым салынған заттар мен құралдар тізімі

- 1) Қару, жарылғыш, улы, уландырғыш және өртке қауіпті заттар, есірткі заттары, психотроптық заттар, прекурсорлар, спирттік ішімдіктер, бұрыш, тұз, оттықтар;
- 2) шарфтар, белбеулер, белдіктер, иық баулар, баулар, галстуктер мен ұзындығы 50 сантиметрден аспайтын орамалдар;
- 3) шыны ыдыс, өткір, кесетін және тілетін заттар;
- 4) браслеттер, темекі сауыты, ойын карталары, түймелер, жүзік, сырға, қол сағат, ордендер, медальдар, металл заттар мен құндылықтар;
- 5) иіссу, одеколон және спирттік негіздегі өзге де бұйымдар;
- 6) фото-, бейне- және аудиожазба аппаратуралары, байланыс құралдары, флэш-жинақтағыштар (алынбалы-салынбалы ақпарат тасығыштары);
- 7) ақша, құнды қағаздар, зергерлік бұйымдар.

Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің әскери
полиция органдарының
гауптвахтасындағы ішкі
тәртіптеме және онда күдіктілер
мен айыпталушыларды ұстау
тәртібі қағидаларына
7-қосымша

СОТТАЛҒАН КҮДІКТІНІ ЖӘНЕ АЙЫПТАЛУШЫНЫ ЖЕКЕ ТІНТУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЗАТТАРЫН ТЕКСЕРУ ХАТТАМАСЫ

20__ ж. " ____ " _____

(жасау орны)

Тінту және толық тексеру: ____ с. ____ мин. басталды.

Тінту және толық тексеру: ____ с. ____ мин. аяқталды.

(жеке тінту мен толық тексеру жүргізетін адамның лауазымы, атағы, тегі мен аты-жөнінің

бас әріптері)

ҚР ҚАК 98-бабының талаптарын сақтай отырып, _____
үй-жайында сотталған

күдікті мен айыпталушыны жеке тінту _____

(күдікті және айыпталушы әскери қызметшінің әскери атағы, Т.А.Ә.(болған кезде))

және оның заттарына толық тексеру жүргізді, ол туралы хаттама жасады.
Жеке тінту және заттарды тексеру басталар алдында

(жеке тінту және тексеру жүргізетін адамның лауазымы, атағы, тегі және аты-жөнінің бас әріптері)
сотталған әскери қызметшіге _____

(күдікті және айыпталушының әскери атағы, тегі және аты-жөнінің бас әріптері)
гауптвахтаның ішкі тәртібі қағидаларында көзделмеген тыйым салынған құжаттарды,
заттарды, нәрселерді, бұйымдарды, құндылықтарды, ақшаны және азық-түлік өнімдерін ерікті түрде беру ұсынылды, оған ол

_____ мәлімдеді

және ерікті түрде берді:

1) _____ ;

2) _____ ;

Содан кейін _____

(жеке тінту және тексеру жүргізетін лауазымды адам)
күдікті және айыпталушы әскери қызметшіні

(күдікті және айыпталушының әскери атағы, тегі және аты-жөнінің бас әріптері)

_____ жеке тінтуге және оның заттарын толық тексеруге

кірісті.

Күдікті және айыпталушы әскери қызметшінің киген киімі: _____

Күдікті және айыпталушы әскери қызметшіде мынадай заттар болды: _____

Күдікті және айыпталушы әскери қызметшіге жүргізілген

(күдікті және айыпталушы әскери қызметшінің әскери атағы, тегі және аты-жөнінің бас әріптері) жеке тінту және оның заттарын тексеру нәтижесінде анықталды: _____

Күдікті және айыпталушы әскери қызметшіні жеке тінту және оның заттарын толық тексеру

барысында алынды (гауптвахтаның ішкі тәртібі қағидаларында көзделмеген құжаттар, заттар,

нәрселер, бұйымдар, құралдар, құндылықтар, ақша және азық-түлік өнімдері):

1) _____;

2) _____;

Күдікті және айыпталушы әскери қызметшіні жеке тінту және оның заттарын тексеру

барысында келіп түскен ескертулер _____

Хаттаманы оқыды _____

(жеке өзі не жеке тінту және тексеру жүргізген адам дауыстап оқиды)

Күдікті және айыпталушы әскери қызметші мәлімдеген ескертулер мен толықтырулар:

Күдікті және айыпталушы әскери қызметші: _____

(лауазымы, әскери атағы, қолы, тегі және аты-жөнінің бас әріптері)

Жеке тінту және заттарды тексеру хаттамасының көшірмесін алдым:

20__ ж. " ____ " _____

(күдікті және айыпталушының тегі және аты-жөнінің бас әріптері, қолы)

Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің әскери
полиция органдарының
гауптвахтасындағы ішкі
тәртіптеме және онда күдіктілер
мен айыпталушыларды ұстау
тәртібі қағидаларына
8-қосымша
Нысан

Алу актісі

Біз, төменде қол қойған мынадай құрамдағы комиссия _____

(лауазымы, әскери атағы, тегі, аты және (болған кезде) әкесінің аты)

ұсталушыдан, күдіктіден, айыпталушыдан, әкімшілік тәртіпте қамауға алынғаннан және

р/с №	Гауптв ахтаға қамауғ а алу күні мен уақыт ы	Лауаз ымы, әскери атағы, тегі, аты, әкесіні ң аты	Әскери бөлімі (нің нөмірі)	Кім ұстады (қамауғ а алды)	Ұстау себебі (қамау, не үшін тұтқын далды, ҚР ҚК қай бабы бойын ша)	Қандай мерзім ге және қай камера да ұстала ды	Қабыл данған затары, құжатт ар мен акша	Ұстау (қамауғ а алу) мерзім і қашан аяқтал ады	к тексер у, монша да жуыну және дене бітімін тексер у уақыт ы туралы жазба (медиц иналы қ қызмет кердің қолтаң басы)	Гауптв ахтада н босату күні және уақыт ы	Гауптв ахтаға қабылд а у кезінде заттар ды, құжатт ар мен ақшас ы н тапсыр ғаны туралы қолтаң басы	н босаты лған кезде заттар ын, құжатт ары мен ақшас ы н алғаны туралы қолтаң басы
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13

Ескертпе: Журнал нөмірленген, тігілген, тиісті қолтаңбамен куәландырылған және мөрмен мөрленген болуға тиіс. Журнал гауптвахтаның қарауыл (кезекші ауысым) бастығында сақталады.

Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің әскери
полиция органдарының
гауптвахтасындағы ішкі
тәртіптеме және онда күдіктілер
мен айыпталушыларды ұстау
тәртібі қағидаларына
10-қосымша

Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілер сауқаттар (сәлемдемелер) арқылы

алуға болатын және сақтауға болатын азық-түлік өнімдерінің, бірінші қажет болатын заттардың, аяқ киімнің, киімнің және басқа да өнеркәсіптік тауарлардың тізбесі

- 1) Темекі бұйымдары, сіріңке;
- 2) белдіксіз, галстуксыз, тартпасыз киімнің бір жиынтығы (оның ішінде белгіленген үлгідегі), сондай-ақ маусым бойынша бас киім, аяқ киім (темір табансыз, металл тағасыз);
- 3) іш киім;
- 4) ұйық;
- 5) биялай немесе қолғап;
- 6) бет орамал;

7) жуыну керек-жарақтары (кір сабын, иіс сабын, қағаз, су сабын (ӘПБ медицина қызметкерінің тағайындауы бойынша) тіс пастасы, тіс щеткасы, сабынға және тіс щеткасына арналған пластмасса қораптар, иісмай, тарақ), жөке немесе ысқыш, электр немесе механикалық ұстара, бір рет пайдаланылатын қауіпсіз ұстара (гауптвахта камерасынан тыс орналасқан қамауға алынғандардың мүлкін сақтайтын құлыпқа жабылатын арнайы шкафта сақталады);

8) көзілдірік және көзілдірікке арналған пластмасса қорап;

9) шұлық немесе колготки, бас орамал, белдіктер, бюстгальтерлер, дәке, мақта, гигиеналық және косметикалық заттар, пластмасса бигудилер (әйелдер үшін);

10) жылдам бұзылатын азық-түлік өнімдері және әскери полиция органының медицина жұмыскерінің қорытындысы бойынша қабылдауға рұқсат берілмеген азық-түлік;

11) шарикті қалам, оған өзектер, қарындаштар;

12) хат жазуға арналған қағаз, пошта конверттері, ашық хаттар, пошта маркалары;

13) көркем және өзге де әдебиет, сондай-ақ мерзімді басылымдар;

14) атап көрсетілгендерден басқа, қылмыстық іске немесе олардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру мәселелеріне қатысты құжаттарды және қолжазбаларды, сондай-ақ пошталық жөнелтілім бланкілерін, сақтауға тапсырылған ақшаның түбіртегін, құндылықтарды, құжаттарды және басқа да заттарды өзімен бірге алып жүруге және сақтауға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің әскери
полиция органдарының
гауптвахтасындағы ішкі
тәртіптеме және онда күдіктілер
мен айыпталушыларды ұстау
тәртібі қағидаларына
11-қосымша
Нысан

ӨТІНІШ

(тегі, аты, (болған кезде) әкесінің аты)

тұратын

(тұрғылықты мекенжайы, жұмыс (қызмет) орны)

(әкімшілік қамауға алынған адамға қандай қатысы бар)

(әскери атағы, тегі және (болған кезде) әкесінің аты, туған жылы)

_____ күдікті, айыпталушы үшін жөнелтілімді қабылдауыңызды сұраймын.

Сәлемдемедегі азық-түліктің (заттардың) тізбесі:

P/c №	Азық-түлік атауы	Салмағы		Саны	Ескертпе
		(кг,	грамм)		
1					
2					

Өтініш иесінің тегі, қолы _____

_____ жылғы "___" _____

Сәлемдемені қабылдады _____

(сәлемдемені қабылдаған қызметкердің әскери атағы, қолы, тегі және аты-жөнінің бас әріптері)

Сәлемдемені алдым _____

(сәлемдемені алған күдіктінің, айыпталушының қолы, тегі және аты-жөнінің бас әріптері)

_____ жылғы "___" _____

Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің әскери
полиция органдарының
гауптвахтасындағы ішкі
тәртіптеме және онда күдіктілер
мен айыпталушыларды ұстау
тәртібі қағидаларына
12-қосымша
Нысан

Гауптвахтаны инспекциялайтын адамдардың ескертулері мен ұсыныстар кітабы

(гарнизонның әскери полиция органы)

_____ жылғы "___" _____ басталды

_____ жылғы "___" _____ аяқталды

P/c	Инспекциялау ды жүргізетін адамның лауазымы,				

№	Күні	әскери атағы, тегі аты-жөнінің бас әріптері	Ескертулер мазмұны	Ұсыныстар	Орындау мерзімдері	Қабылданған шаралар
---	------	--	-----------------------	-----------	-----------------------	------------------------

Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің әскери
полиция органдарының
гауптвахтасындағы ішкі
тәртіптеме және онда күдіктілер
мен айыпталушыларды ұстау
тәртібі қағидаларына
13-қосымша
Нысан

Ұсыныстарды, өтініштер мен шағымдарды тіркеу кітабы

P/c №	Келіп түскен күні (жылы, айы, күні)	Өтініш берген адамның тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) және оның әскери қызметке қатысы	Өтініштің қысқаша мазмұны	Кімге және қашан орындауға берілді және орындаушы ның қолтаңбасы	Орындау уақыты	Қашан және қандай шешім қабылданды	Құжат тігілген істің №
1	2	3	4	5	6	7	8

Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің әскери
полиция органдарының
гауптвахтасындағы ішкі
тәртіптеме және онда күдіктілер
мен айыпталушыларды ұстау
тәртібі қағидаларына
14-қосымша
Нысан

Өтінішті, шағымды қабылдау туралы талон

<p>ТАЛОН (түбіртек)</p> <p>ТАЛОН (корешок)</p> <p><input type="checkbox"/><input type="checkbox"/><input type="checkbox"/><input type="checkbox"/><input type="checkbox"/><input type="checkbox"/><input type="checkbox"/><input type="checkbox"/><input type="checkbox"/><input type="checkbox"/><input type="checkbox"/><input type="checkbox"/><input type="checkbox"/><input type="checkbox"/><input type="checkbox"/><input type="checkbox"/><input type="checkbox"/><input type="checkbox"/><input type="checkbox"/><input type="checkbox"/><input type="checkbox"/><input type="checkbox"/></p> <p>(талонның нөмірі/номер талона)</p> <p>Өтініш/обращение</p> <p>_____</p> <p>_____</p> <p>(өтініш берушінің аты-жөні немесе атауы/фамилия, инициалы либо наименование заявителя)</p>	<p>ТАЛОН (жыртылатын талон)</p> <p>ТАЛОН <input type="checkbox"/><input type="checkbox"/><input type="checkbox"/><input type="checkbox"/></p> <p>(отрывной талон)</p> <p><input type="checkbox"/><input type="checkbox"/><input type="checkbox"/><input type="checkbox"/><input type="checkbox"/><input type="checkbox"/><input type="checkbox"/><input type="checkbox"/><input type="checkbox"/><input type="checkbox"/><input type="checkbox"/><input type="checkbox"/><input type="checkbox"/><input type="checkbox"/><input type="checkbox"/><input type="checkbox"/><input type="checkbox"/><input type="checkbox"/><input type="checkbox"/><input type="checkbox"/><input type="checkbox"/></p> <p>(талонның нөмірі/номер талона)</p> <p>Өтініш/обращение</p> <p>_____</p> <p>_____</p> <p>(өтініш берушінің аты-жөні немесе</p>
--	--

_____	атауы/фамилия, инициалы либо наименование заявителя)
__ " __ _____ 20__ ж./г. _____	_____
_____	(қабылданды/принято. Қабылдаған/принял (лауазымы, аты-жөні/ должность, фамилия и инициалы)
Өтінішті қабылдаған қызметкердің лауазымы, (болған кезде) аты-жөні, қолы/ должность, Ф.И.О., подпись сотрудника, принявшего обращение	_____
_____	_____
_____	_____
_____	" __ " _____ 20__ ж./г.
(қолы/подпись)	_____
Талонды қабылдаушының қолы/ подпись получившего талон	(қолы / подпись)
_____ " __ " сағ/час " __ " мин.	
" __ " _____ 20__ ж./г.	

Ескертпе:

1. Талондар нөмірленуге, тігілуге, тиісті қолтаңбамен расталуға және мөрмен мөрленуге тиіс. Талондар қарауыл (кезекші ауысым) бастығында сақталады.

2. Талонның жеке нөмірінде бірінші жұп болып өтініш беру жылы, екінші жұп болып – облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) коды, үшінші жұп болып – ауданның (облыстық маңызы бар қаланың, аудандық маңызы бар қаланың) коды, төртінші жұп болып – ауылдық округтің коды белгілінеді. Субъектінің және талонның реттік саны бес саннан тұрады.

Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің әскери
полиция органдарының
гауптвахтасындағы ішкі
тәртіптеме және онда күдіктілер
мен айыпталушыларды ұстау
тәртібі қағидаларына
15-қосымша

Сейілдеу аулаларының сипаттамасы

Сейілдеу аулалары режимдік аулада орналасуға тиіс.

Сейілдеу аулалары гауптвахтаға жақын жерде шектесіп жатуға тиіс.

Сейілдеуге шығарылатын әрбір қамауға алынғанға серуендеу ауласының 2,5-3 шаршы метрі (бұдан әрі – м²) болуға тиіс. Сейілдеу ауласының барынша аз көлемі – 12 м².

Сейілдеу ауласы биіктігі үш метрден астам тығыз дуалмен қоршалады. Сейілдеу ауласының үстіңгі жағына металл жақтау бекітіледі, оған ұяшықтары

17x17 сантиметрден аспайтын металл тор бекітіледі, тордың үстіне ұяшықтары 5x5 сантиметрден аспайтын "Рабица" типіндегі металл тор бекітіледі.

Сейілдеу аулаларының үстіңгі жағында атмосфералық жауын-шашыннан тасалау үшін ені 1,2 метрге дейін жеңіл қалқалар орнатылады.

Сейілдеу ауласының ортасына еденге сенімді бекітілетін орындықтар орнатылады.

Сейілдеу аулаларынан су ағыны қамтамасыз етілуге тиіс.

Сейілдеу ауласында бақылаушы қызмет өткеру үшін сейілдеу аулаларында жүрген барлық қамауға алынғандар оның ұдайы қадағалауында болатындай есеппен орын жабдықталады.

Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің әскери
полиция органдарының
гауптвахтасындағы ішкі
тәртіптеме және онда күдіктілер
мен айыпталушыларды ұстау
тәртібі қағидаларына
16-қосымша
Нысан

Гауптвахтаға Қамауға алынған әскери қызметшілерді жазалауды және көтермелеуді есепке алу кітабы I бөлім Жазалауға тартылған адамдарды есепке алу

Р/с №	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде)	Не үшін жазалау қолданылды	Жазалау түрі	Кім және қашан жасалау қолданды	Ескертпе
-------	--	----------------------------	--------------	---------------------------------	----------

II Бөлім Гауптвахта әкімшілігімен көтермелеген адамдарды есепке алу

Р/с №	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде)	Не үшін көтермелеу қолданылды	Көтермелеу түрі	Кім және қашан көтермеледі	Ескертпе
-------	--	-------------------------------	-----------------	----------------------------	----------

Ескертпе: Кітап нөмірленген, тігілген, тиісті қолтаңбамен куәландырылған және мөрмен мөрленген болуға тиіс. Гауптвахтаның қарауыл (кезекші ауысым) бастығында сақталады.

Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің әскери
полиция органдарының
гауптвахтасындағы ішкі
тәртіптеме және онда күдіктілер
мен айыпталушыларды ұстау
тәртібі қағидаларына
17-қосымша
Нысан

Әскери полиция органы бастығының жеке қабылдау журналы

Р/с №	Күні (жылы, айы, күні)	Қабылдауға келген адамның тегі, аты және әкесінің аты (бар болған кезде)	Қысқаша өтініштің мазмұны	Ескертпе
1	2	3	4	5

Ескертпе: Журнал нөмірленген, тігілген, тиісті қолтаңбамен куәландырылған және мөрмен мөрленген болуға тиіс. Гауптвахтаның қарауыл (кезекші ауысым) бастығында сақталады.

Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің әскери
полиция органдарының
гауптвахтасындағы ішкі
тәртіптеме және онда күдіктілер
мен айыпталушыларды ұстау
тәртібі қағидаларына
18-қосымша
Нысан

Гауптвахтадан босату туралы

АНЫҚТАМА

Әскери қызметші _____

(әскери атағы, тегі, аты, (болған кезде) әкесінің аты)

20__ ж. "___" _____ – 20__ ж. "___" _____ кезеңінде
_____ сәйкес _____

—
(судья қаулысы)

гарнизонының әскери полиция гауптвахтасында әкімшілік қамақты өтегенін растау үшін берілді.

_____ әскери полиция органының бастығы

_____ (ә/атағы, қолы, тегі мен аты-жөні)

20__ ж. "___" _____